



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Алақол

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№52 (7983) 25. 12. 2021.
Сенбі / Суббота

Желтоқсан ... Азаттық үшін күрескен қаһармандарымызды еске алатын сәт. Талай қазақ жігіттері мен қыздарын арамыздан алып кеткен «Желтоқсан оқиғасы» баршамыздың мәңгі есімізде қалады. Бұл көтеріліс – қазақ халқының тарихында болған ақтандықтардың бірегейі. Желтоқсан оқиғасы әрбір қазақтың жадында сақтаулы және келер ұрпаққа дәріптеу біздің парыз.

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай аудан әкімі А.Абдинов желтоқсандықтармен кезде-



ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА - 35 ЖЫЛ

су өткізді.

Қыс мезгілінің алғашқы қаһарлы айындағы, қазақ елінің тарихы үшін қаралы күннің бірі - желтоқсан оқиғасы. Биыл азаттықтың таңы нұр шашып, көк аспанымыздың астында бейбіт күннің шуағына бөленіп жүргенімізге 30 жыл толып отыр. Осыған орай былтыр ауданымыздың төрінде ашылған «Желтоқсаншылар» стелласы маңында егемендікті жақындатқан азаматтардың ерлігін еске түсіріп, гүл шоқтары қойылды.

Ары қарай аудан әкімі А.Аб-

динов ұлттық рух пен намыс жолында азаттыққа үлес қосқан жергілікті желтоқсандықтармен бас қосты. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына куә болған қыз-жігіттер бүгінде елуді еңсерген ел азаматтары. Кездесу барысында өскелең ұрпаққа батырлық пен елжандылықтың үлгісін көрсетіп, ұлт жанашыры болуды дәріптеп жүргендер өздерінің сыр шертер оқиғаларымен бөлісіп, сол кездердегі қиындық пен азапты күндердің арасында арпалысқан шақтардың шегі болмайтындай көрінгендігін айтты.

Бүгінде желтоқсан көтерілісіне қатысушылар ауданымызға өз еңбектерін сіңіріп, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына үлестеріп қосып, өскелең ұрпаққа ұлтшылдықты дәріптеп, патриоттық тәрбие беру жолын дамытуда, көмекке мұқтаж азаматтарға қол ұшын созуда.

Кездесу соңында өңір басшысы желтоқсаншыларды мерейлі мерекелерімен құттықтап, арнайы әзірленген Алғыс хаттар мен сый-сияпатын табыс етті.

Ж.КУМПЕИСОВА.

Чествовали юбилей



В доме культуры им 3.Койшибаевой прошло главное торжественное событие этого года - 30-летие Независимости Республики Казахстан. Для нашей страны с богатой историей и глубокими корнями, нет большей ценности, чем независимость. Это самое драгоценное сокровище для всех нас, граждан страны.

Мероприятие открыл аким района А.Абдинов. Он поздравил присутствующих и отметил, что за 30 лет мира и согласия в районе открыто 5 детских садов, 4 школы, 1 больница, 7 врачебных амбулаторий, 21 мечеть, реконструировано 16

детских садов, 3 школы, капитально отремонтировано 40 общеобразовательных учреждений. Построено 4 спортивных комплекса, 18 спортивных площадок. Также в рамках проектов по развитию туризма на побережье Алақоля были сданы в эксплуатацию важнейшие инфраструктурные объекты, места для досуга туристов. В коммунальной сфе-

ре проведено 342,4 км водопроводной сети, централизованной питьевой водой охвачено 37 населенных пунктов.

На сегодняшний день начата реконструкция взлетно – посадочной полосы аэропорта «Ушарал». В целом, в соответствии с инвестиционным планом района в 2021-2022 годах реализуется 5 инвестиционных проектов. В результате чего будет создано 243 постоянных рабочих места.

В ходе торжественного мероприятия аким района А.Абдинов вручил государственные награды: орден «Құрмет», медаль «Ерен еңбегі үшін», юбилейные медали «Қазақстан Республика-

сының Тәуелсіздігіне - 30 жыл», Почетную грамоту Республики Казахстан, почетную грамоту и благодарственное письмо Сената Парламента Республики Казахстан, почетную грамоту и благодарственное письмо Алматынского областного маслихата, нагрудный знак «Құрметті ардагер», звание «Почетный гражданин района», грамоты и благодарственные письма акима района. В этот день были отмечены более 90 алақольцев, которые каждодневным своим трудом вносят лепту в развитие нашего региона.

Он также поздравил земляков и пожелал им благополучия, успехов, достижений в труде. Особо подчеркнув, что 30-летие Независимости страна встречает значительными результатами во всех сферах жизни. Этого мы достигли благодаря стараниям замечательных людей, которые тут живут и созидают.

В завершение торжественного собрания перед алақольцами выступила звезда казахстанской эстрады, ученица народной артистки, певицы 3.Койшибаевой Шахизада. Также уникальной вокальной и танцевальной программой порадовали артисты районного дома культуры.

В.ИВАНОВА.

Құттықтаймыз!

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін төмендегі жерлестеріміз марапатталды.

«Құрмет» орденімен
С.Жабжанов – Алақөл аудандық мәслихатының хатшысы.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен
Ж.Сағымбеков – «Алақөл Су» МКК басшысы

Қ.Тұрлыбеков – Жағатал ауылдық округінің әкімі.

Г.Нүсіпова – М.Әубәкіров атындағы орта мектептің директоры.

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен

В.Игнатченко – жеке кәсіпкер, аудандық мәслихат депутаты.

«ҚР Құрметті депутаты» төс белгісімен

Қ.Нүсіпов – еңбек ардагері.

ҚР Парламенті Сенатының Құрмет грамотасымен

А.Есенбеков – аудандық мәслихат депутаты, аудандық «Алақөл» газетінің жауапты хатшысы.

Б.Саятова – облыстық мәслихат депутаты, жеке кәсіпкер.

ҚР Парламенті Сенатының Алғыс хатымен

Л.Қосантаева – аудандық мәслихат депутаты, аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры.

«Nur Otan» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төс белгісімен

Е.Жуанышбаев – аудандық мәс-

лихат депутаты, жеке кәсіпкер.

А.Қасымжанова – аудандық мәслихат депутаты, Көктұма орта мектебінің директоры.

Алақөл ауданының «Құрметті азаматы» атағымен

Ө.Шарифатов – еңбек ардагері.

М.Ибраев – еңбек ардагері.

М.Хайбулин – еңбек ардагері.

Т.Дәулетханов – еңбек ардагері.

Қ.Әділғазынов – еңбек ардагері.

А.Тұраров – еңбек ардагері.

В.Притыкин – еңбек ардагері.

Е.Жүнісхан – мүсінші-суретші, «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық қорының төрағасы.

Б.Құсайынов – белгілі мүсінші-суретші.

С.Иманқұлов – еңбек ардагері.

«Құрметті ардагер» төс белгісімен

М.Жолжанова – жеке кәсіпкер, еңбек ардагері.

Сонымен қатар өңіріміздің дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген бір топ азаматтар «ҚР Тәуелсіздігіне - 30 жыл» мерекелік медалімен, облыстық мәслихат хатшысының, аудан әкімінің Құрмет Грамоталарымен, Алғыс хатымен марапатталды.

Презентованы книги о деятельности спецслужбы



В честь 30-летия Независимости Республики Казахстан и в преддверии юбилея со дня образования Комитета национальной безопасности в доме культуры им. 3.Койшибаевой были презентованы книги под общей редакцией Председателя КНБ генерал-лейтенанта Карима Масимова «Хроники отечественной спецслужбы. Истории о людях, событиях, фактах» и «Государственная граница».

Со значимыми событиями присутствующих поздравил и.о. командира пограничного управления по Алақольскому району подполковник Е.Аширов. В своей речи он отметил, что в книгах повествуется о службе оперативных работников и пограничников, которые внесли достойный вклад в дело обеспечения националь-

ной безопасности и охраны рубежей нашего государства.

В рамках торжественного мероприятия также был анонсирован документальный фильм, посвященный 20-летию вывода отдельного сводного стрелкового батальона казахстанской армии из Таджикистана. С

тремя значимыми событиями собравшихся военнослужащих поздравили члены общественного объединения «Застава тарландары», офицеры С. Ус-кембаев и С.Серикболулы.

Также в рамках собрания было продемонстрировано обращение Председателя КНБ генерал-лейтенанта Карима Масимова. Он подчеркивает, что в каждой из этих книг описаны истории и представленные герои, которые внесли и по сей день вносят неоценимый вклад в обеспечение национальной безопасности государства и защиту рубежей нашей Родины. К сожалению, отдельные из них выполняли свой служебный долг ценой собственной жизни. И выражает уверенность в том, что книга найдет своего читателя.

В.АЛЕКСАНДРОВА.

КӨШБАСШЫ ЖАСТАР АНЫҚТАЛДЫ

Жуырда З.Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінде «Көшбасшы - 2021» аудан әкімінің жастар сыйлығын табыстау салтанаты өтті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде тағайындалатын сыйлық биыл 19 номинация бойынша табысталды. Бұл игілікті шараның басты мақсаты ауданымыздағы мемлекеттік жастар саясатын кеңінен насихаттап, жыл бойына жастар қозғалысының дамуына белсене араласып, әр салада өзінің кәсіби шеберлігін көрсеткен, ел ертеңі деп сенім артқан жалын иелерін анықтау.

Сөз алған өңір басшысы А.Абдинов елімізде жастар саясатына маңызды бағыт ретінде ерекше көңіл бөлініп, жастардың тегін білім алып, жан-жақты дамуына, шығармашылықпен, спортпен, кәсіпкерлікпен айналысып, халықтың игілігіне еңбек етуіне барлық жағдайлар жасалып жатқанын тілге тиек етті.

Облыс көлемінде бақтарын сынаған үміткерлердің арасынан «Жас әскери қызметкер»

номинациясы бойынша «Көшбасшы – 2021» жастар байқауының жеңімпазы 40398 әскери бөлімінің барлау жауынгерлерік батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, аға лейтенант Мурот Элмуратұлы жастарды жігерлендіретін осындай игілікті бастамаларды жүзеге асырып, болашақ тізгінін ұстаған жас мамандарға қолдау көрсетіп отырған облыс, аудан басшыларына, ұйымдастырушыларға алғысын жеткізіп, жүрекжарды тілегін білдірді. Бүгінде қатарластарының сапалы білім алып, білікті маман болып, еңбек етуіне зор мүмкіндік беріп отырған мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың сарабал саясатына қашан да қолдау көрсетіп, ел мүддесі үшін еңбек етуге дайын екендігін айтты.

Қатарының алды болып, жүзден жүйрік шыққандар «Көшбасшы» атағына лайық деп танылды. Атап айтсақ, «Ақпарат саласының үздігі» номинациясымен Қ.Арстан, «Жас мемлекеттік қызметкер» номинациясымен

Б.Ахатаев, «Үздік жас дәрігер» номинациясымен Б.Баяхметова, «Үздік жас ұстаз» номинациясымен Қ.Нүсіпқан, «Үздік жас спортшы» номинациясымен Ө.Қабдолда, «Жас кәсіпкер» номинациясымен Ж.Наурызбаев, «Үздік әдіскер нұсқаушы» номинациясымен Г.Мұқанова, «Үздік студент» номинациясымен Ш.Ахатаев, «Үздік жас әдебиетші» номинациясымен Д.Қабдиқаримова, «Жасыл ел жасағының үздік жас сарбазы» номинациясымен А.Анарбек, «Жас ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының үздік көшбасшысы» номинациясымен А.Баймаған, «Үздік жас батыр» номинациясымен Д.Абдешев, «Үздік жас өнерпаз» номинациясымен А.Айдарқызы, «Жас әскери қызметкер көшбасшысы» номинациясымен М.Махаметов, «Үздік жас маман» номинациясымен Б.Смағұлов, «Ауыл шаруашылығының үздік маманы» номинациясымен Е.Қанашұлы, «Үздік жас отбасы» номинациясымен Қорабаевтар отбасы, «Үздік ерікті» номинация-



сымен А.Мишин және «Үздік жас журналист» номинациясымен А.Есенбеков марапатталды. Сонымен қатар жеңімпаздарға арнайы диплом, «Көшбасшы» мүсіншесі және 25 мың теңге көлемінде сыйақы табысталды.

Салтанатты кеш концерттік бағдарламаға ұласып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бұл күнгі шарада қатарының алды атанған жастар арасында көптің

алғысын алып, өз саласы бойынша жетістікке жетіп, облыс көлемінде ғана емес, республика деңгейінде танымал болып үлгергендер де бар. 2021 жылдың үздігі атанған жас мамандар көпке үлгі болып қана қоймай, жетістіктен жетістікке жету арқылы елге еңбектерін сіңіріп, алдағы уақытта үлкен істердің жанынан табылатынына біз де сенімдіміз.

М.НҰРҚАСЫМОВА.



Очередной сервисный акимат

В преддверии Дня Независимости в рамках проекта «Жетісу адалдық алаңы» в здании акимата села Кабанбай состоялось открытие Сервисного акимата.

Открытие центра провели аким района А.Абдинов и руководитель подразделения мониторинга государственных услуг и информационных технологий аппарата акима района Д.Маманов.

В целом, по области открыто 24 подобных и в нашем районе это уже второй.

«Для села, я считаю, созданы хорошие условия, позволяющие жителям удобно получать госуслуги. Надо дальше совершенствовать начатую работу. Немаловажно обучать население цифровой грамотности», - отметил А.Абдинов.

Позитивно оценили новый формат работы не только специалисты сельского акимата, но и местные жители. Кабанбайцы отметили, что теперь им не нужно искать автомобиль, «выбирать» погоду для поездки в райцентр, преодолевая десятки километров с целью получения услуги.

«Мы делаем так, чтобы людям было удобно в одном месте получать консультации и услуги, не тратя много времени. Если

раньше на это условно уходило 10-15 дней, то сейчас за 2-3 дня можно оперативно решать вопросы, не выезжая из поселка. Сервисный акимат представляет собой эффективное сочетание работы государственных органов в формате «Open-спрос». В дальнейшем сельским жителям помимо вопросов земельных отношений и архитектуры будут оказываться 37 видов государственных услуг. Главной целью проекта является повышение доверия граждан к государственным служащим», - поделился Д.Маманов.

После открытия Сервисного акимата гости осмотрели центр и пообщались с сотрудниками. Уникальная площадка предполагает оказание широкого комплекса услуг для граждан в режиме «одного окна». Центр оснащен зонами комфортного ожидания, технически оснащенными рабочими местами, установлены информационные стенды, организован уголок самообслуживания.

Стоит отметить, что в целях по борьбе с коррупцией, повышения доверия граждан к институтам государственной власти и формирования антикоррупционной культуры при Сервисном акимате функционирует офис «Жетісу адалдық алаңы».

А.ЖАНАТОВА.

«SULPAK» сауда орталығы ашылды

Аудан орталығында ел егемендігінің 30 жылдығына орай «SULPAK» заманауи тұрмыстық техника және электроника сауда орталығы ашылды. Оған жергілікті жұртшылық көптеп жиналды.



Аудан әкімі А.Абдинов: «Өңіріміз күннен-күнге дамып келеді. Соның ішінде нарықта 29 жыл бойы көш бастап келе жатқан танымал «Sulpak»-тың ашылуы баршамызды қуантып отыр. Тұрмыстық техника сатытын аталмыш дүкендер желісі еліміздегі ең ірі сауда маркасының бірі. Бұл деген заманның жаңа талабына бетбұрыс», - дей келе, сауда орталығының ашылуымен құттықтап, жүрекжарды ниетін білдірді.



«SULPAK» сауда орталығының директоры А.Көгенбаев: «Бүгін ашылған сауда орталығы Қазақстан және Қырғызстан елдеріндегі 200-шісі. Заман өзгерген сайын технологиялар да жаңаратыны сөзсіз. Ал жаңашылдықты

бренд еткен «Sulpak» компаниясын бүгінде нарық жақсы біледі. Бұл бизнесте біз үшін ең маңызды капитал – ол халық. Сондықтан ең соңғы үлгідегі қондырғыларды жеткізу – міндетіміз», - деді. Сондай-ақ алдағы 7 күн жеңілдіктер жасалып, халыққа тұрмыстық техникалар арзандатылған бағамен сатылатынын жеткізді.

Сонымен қатар ауданның Құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Бекболатов ақжарма тілектерін арнап, келген көпшілікке ақ батасын берді.

Ең маңыздысы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды мақсат тұтқан бұл нысан 22 аудан тұрғынын

тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Сауда сөрелерінде әлемдік бренд саналатын тауарлардың сан түрі бар. Атап айтсақ, теледидарлар, кір жуғыш машиналар, тоңазытқыштар, смартфондар және басқа да санаттағы тұрмыстық техникалар ұсынылған. Сапасы жақсы, бағасы қолжетімді.

М.ҚУАТҚЫЗЫ.

Кешегі-тілек, бүгінгі-тірек

Егемендіктің отыз жылы мемлекеттің тұғырын бекітіп, тәуелсіздіктің тамырын тереңдете түсті. Ал осы қазынамызды еншімізде мәңгі қалдыру үшін білім, ғылым, өнер майданында шәкірттерімізбен бірге оза шабуымыз қажет.



«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», - деп, қайраткер А.Байтұрсынұлы атап өткендей, білімді жастар легі бой көтеру үшін отыз жылда біраз жеңіс олжаладық. Ал тәуелсіз елдің мұғалімі жас ұрпаққа бағыт берер бағдаршам ғана емес, досы, тең құрбысы бола білуі қажет. Әр сыныптан болашақта ақын-жазушылар, ғалым мен өнер адамдары, қоғам қайраткерлері секілді небір дүлдүлдер шығады. Сол себепті мұғалімдіктің сүрлеу жолымен өз өмірімізді байланыстырдым.

Міне, егемендік берген еркіндікке арқа сүйеп, іргелі білім ордасының көркем еңбек пені мұғалімі, жас маманы атандым. Ұстаздың көзі нұр шашып тұрғанын, оқушыларды баурап алу үшін үнемі жаңа нәрселерді қолданып жүргенін көргенде, ата-ана мен баланың да ынтыасы ашылады. Осылайша алпауыт елдермен ой мен бой таластыруға құштар жастар легі қалыптасады. Осы ұстанымды ту етіп, оқушыларымды жан-жақты болуға баулып жүрмін. Балалар шығармашылық орталығында «Қолөнер» үйірмесінен азаттыққа 30 жылдық мерейтойына ұйымдастырылған «Тәуелсіздікке тарту» атты көрмеге жас шебер шәкірттеріміз белсене қатысып, мекеме басшысы А.Уалиеваның Алғыс хатымен марапатталды.

«Атадан мұра» қоғамдық қоры Мәдениет оқу - өнер орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты байқауға «Бейнелеу өнері» және «Қолөнер»

М.КЕРУЕНБАЕВА,
С.Иманасов атындағы орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі.

От сердца к сердцу

16 декабря по всей стране отметили 30 – летию Независимости Республики Казахстан. Декабрьские события 1986 года заложили в казахской молодежи особое стремление, способствовавшее росту национального самосознания казахского народа.

В этом году в связи с 35-летием декабрьских событий было проведено немало мероприятий. Все они организованы с целью достойного чествования участников тех дней.

Так, ко Дню Независимости члены оргкомитета «Ветераны декабря» провели благотворительную акцию. В данном меро-

приятии приняли участие 27 декабристов, среди них: Л.Ермозанова, Б.Жайлаубай, К.Имангалиев, К.Омарбеков, С.Кабанбаев, К.Сарсембеков.

Целью было помочь нуждающимся семьям. Им были доставлены продукты первой необходимости, одной из семей - уголь.

Забота и милосердие является одним из благородных качеств, заложенных в крови нашего народа. Подарить душевное тепло нуждающемуся человеку, протянуть руки помощи - это значит проявить человечность.

А.ЖАНАТОВА.

менены аварийные опоры в ауле Жайпак.

Вне плана проведены работы по капитальному ремонту высоковольтной линии электропередач, снабжающей электроэнергией весь район. Кроме того на других электросетевых объектах был выполнен текущий ремонт на сумму 32 млн 780 тыс. тенге. Это, в первую очередь, замена изношенных проводов и аварийных опор в городе Ушарал,

дым годом у нас растет и энергопотребление. Вводятся новые многоэтажные дома в городе Ушарал, увеличивается число предприятий малого и среднего бизнеса, особенно в

станции Бесколь, аулах Енбекши и Карабулак.

Профессионализм и многолетний опыт наших специалистов – гарантия успешной работы всего коллектива. Трудно переоценить вклад в общий успех мастеров Ушаральского и Бескольского участков Кайрата Даришева и Сержана Дугабаева, инженера грозозащиты и диагностики Айдына Кабдолова, инженера группы релейной защиты и автоматики Али Жунисова, электромонтеров оперативно – выездной бригады Куаныша Садыкова, Ерлана Омарова и Кайрата Утебаева; водителей Сабыржана Сарыбаева и автокрана Александра Шапоренко, контроллеров Алакольского РЭС Жанар Игибаевой, Галии Туганбаевой и многих, многих других.

Труд энергетиков в самом отдаленном районе далеко непрост. Но дело свое они знают на «отлично», работая днем и ночью, в изнуряющую летнюю жару и 40-градусные морозы, в условиях ураганных ветров «Сайкан» и «Евгей».

Д. АХАНОВ,
начальник Алакольского РЭС.

Работаем с полной отдачей

Недавно в Казахстане отметили профессиональный праздник всех работников энергетической промышленности страны – День энергетика. Его празднуют работники предприятий, осуществляющих выработку энергетических ресурсов, передачу и сбыт электрической и тепловой энергии. А это значит, что благодаря энергетикам у нас тепло в многоэтажных домах, учреждениях здравоохранения и образования, офисах представительного и среднего бизнеса.

Коллектив Алакольского РЭС встречает свой профессиональный праздник с неплохими показателями. Хотя работать совсем непросто, в связи с непрекращающейся пандемией коронавируса. Для 97 человек специалистов нагрузка довольно высокая. Если учесть, что от райцентра до отдаленных сел и аулов по 150 – 180 километров.

Судите сами. Это 36,5 км линейных электропередач напряжением 110 кВ и 219,6 км напряжением 35 кВ, 14 подстанций. Помимо этого наши энергетика обслуживают 328,36 км воздушных линий электропередач 10 кВ и 405,69 км – 0,4 кВ, 121 трансформаторную подстанцию, расположенную в районном центре и населенных пунктах региона.

Следует отметить, что с каж-

туристической зоне «Алаколь» в поселках Акши и Коктума. Так, в зимнее время нагрузка составляет порядка 16 МВт, в летнее – 12 МВт. И это не только результат уверенного развития экономики района, но и реализации основных положений плана модернизации всей системы энергоснабжения как нашего района, так и области.

Мало поставить необходимый объем электроэнергии в район, важно обеспечить надежность электрообеспечения потребителей по району, особенно в непростой зимний период, изобилующий ураганными ветрами, буранами и сильными морозами. С начала 2021 года мы собственными силами провели капитальный ремонт имеющегося электрооборудования на сумму 2, 71 млн тенге. В частности за-

Үзінсіз қызмет етеміз

Ауданның түкпір-түкпіріне жарық жеткізіп, электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған энергетиктердің қоғамда өзіндік орны бар. XXI ғасырды тоқ көзінсіз елестету қиын болса, бұл сала қызметкерлерісіз де адам баласының өмірі қиындай түсері сөзсіз.

Осы бағытта қалтқысыз қызмет етіп жатқандардың қатарында Алакөл ЭӨБ да бар. Аталған мекеме 29 елді мекенді электрмен қамтамасыз етеді. Бұнда барлығы 13851 тұтынушы, оның ішіндегі 862-сі заңды тұлға.

Ақши, Көктұма ауылдарында демалыс орындарының ашылуына байланысты биыл заңды тұлғалар 47 тұтынушыға көбейді. Жеке тұлға саны да 352 тұтынушыға өскені байқалады.

Біз қызмет көрсететін аудан орталығынан шалғайдағы 29 елді мекеннің ішінде Арқарлы ауылдық округі 80 шақырым, Қамысқала ауылы 60 шақырым, Көктұма ауылы 72 шақырым, және Достық ауылы 186 шақырым аралықта орналасқан.

Алакөл ЭӨБ - де тұтынушыларды электрмен қамту бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. 2020 жылғы 9 айлық кезеңінде 61 411 мың кВт 1 385 247 мың теңгеге сатылса, 2021 жылы 67 875 мың кВт

1 655 720 мың теңге құрады, яғни 6 464 мың кВт өсуі байқалды. Алматы-Өскемен және Ушарал-Достық автомобиль жолдарын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуіне байланысты электр қуатын тұтыну артты.

Бір ескертетіні тұрғындар тарапынан берешек қарыз да өсіп келеді. Биылға 15 376 мың теңге қаражат әлі өндірілмей отыр. Себебі «Алакөл Жылу» мекемесінің берешек қарызы 11 182 мың теңгені құраған. Осы ретте құжаттары сотқа беріліп, шоттары бұғатталған. Дебиторлық берешекті өтеу мақсатында «Алакөл Жылу» тұтынушыларының қарыз берешегі барларға ескерту және сотқа дейінгі талап қағаздарын таратып бердік. Сот орындаушыларымен және әкімшілікпен жұмыс істеудің арқасында дебиторлық берешектің 11 182 мың теңгесі жабылды.

Айлықтың аздығына байланысты бізде кадр тапшылығы көп болды, әсіресе жаз маусымында қажетті мамандар Ақши, Көктұма ауылдарындағы демалыс аймақтарына жұмыс істеуге кетіп жатты.

Алакөл ЭӨБ-нің қызметкерлері өз учаскелерінде тыңғылықты жұмыс істеуде. Олардың қатарындағы іс қағаз тасушылар А.Тореханова, Э.Жайрбекова, Б.Бега-



линаларды ерекше атап өтуге болады.

Алайда барлық жұмыс бұл кісілердің арқасына артылған жоқ. Өзге де қызметкерлер өздерінің тиянақтылығы мен жауапкершілігін танытып, тұрғындарға үздіксіз электр энергиясын жеткізуде аянып қалмауда.

Осы ретте ел қамы үшін еңбектеніп жүрген барша әріптестерімді төл мерекелерімен құттықтап, бастарына амандық, отбасыларына қуаныш пен береке тілегім келеді.

Ауданның, одан қала берді республикамыздың дамуында әр сала мамандарының өзіндік орны бар. Бұған электр энергиясымен елді қамтамасыз етіп, күн-түн демей қызмет бабымен шапқылап жүрер әріптестерімнің де қосар үлесі зор. Қиын да қауіпті істі жандарына серік етіп, барынша кәсіби біліктіліктерін көрсетіп жүрген олардың еңбектері өлшеусіз.

М.БАҒАШЕВ,
Алакөл ЭӨБ басшысы.

Жаңа серпін

Елімізде электронды үкімет құру идеясы 2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті енгізу туралы «Қазақстан Республикасында электронды үкіметті қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында бекітілген.

Үкімет ұсынған қызметтерді халық ақпарат алмасудың жылдамдығының арқасында тез меңгеруде. Керекті құжаттың электронды нұсқасын пайдалану арқылы қағазбастылық артта қалып, халыққа қызмет көрсету сапасы артып келеді. Бұл – электронды үкіметтің игілігі. Ал электронды құжат – экономиканы дамытудың негізгі тетігі екені анық. Үкіметтің бүгінгі ұсынып отырған электронды қызметтерін жұртшылық электронды цифрлық қолтаңба арқылы алады. Қазір елімізде электронды үкіметтің www.e.gov.kz порталы жұмыс жасайды. Аталмыш порталда мемлекеттік органдардың барлық ақпараттарына қол жеткізуге болады. Бүгінде www.e.gov.kz порталында экономика, білім, мәдениет, еңбек, денсаулық, спорт, туризм және адам өмірінің өзге де салалары бойынша бірнеше мәтіндік бөлімдерде екі мыңнан астам ақпараттық қызмет көрсетіледі.

Алайда портал тек ақпараттық ресурс қана емес, оның пайдаланушыларына мемлекеттік органдардың өртүрлі электрондық қызметтері ұсынылады. Мәселен, цифрлық қолтаңба арқылы кез келген тұрғынның мемлекеттік органдардан анықтамалар алуға мүмкіндіктері бар.

Порталдағы барлық қызметтерді қолдану үшін азаматтарда алдымен электронды сандық қолтаңбасы болуы қажет. Электронды сандық қолтаңба порталы арқылы үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін өте қажет. Бұл ыңғайлы, әрі қолжетімді. Электронды үкіметтің қарапайым халық үшін тиімді әрі қолжетімді екенін Бескөл ауылдық округі қызметкерлері e.gov.kz порталының барлық мүмкіндіктері арқылы көрсетіп бере алады.

Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша округте көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 10 %-і e.gov.kz сайты арқылы жүзеге асырылған. Биылғы жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 40%-ке жеткізу міндеті тұр. Бүгінде мемлекеттік қызмет түрлерінің басым бөлігін үйден шықпай-ақ электронды үкімет порталы арқылы алуға болады. Әсіресе, шалғайдағы ауылдық елді мекен тұрғындары үшін бұл өте тиімді. Жолға

шығындалмайды, мекемелердің табалдырығын тоздырып уақытын жоғалтпайды.

Egov.kz электронды үкімет порталының арқасында соңғы жылдары 10 мыңнан астам қызмет көрсетілген. Қолданушылардың саны күннен күнге артып отыр. Округ бойынша 2019 жылы мәдениет үйінде орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы барлығы 960 пайдаланушы болса, қазіргі таңда олардың саны 4 мыңға дейін жеткен. Мемлекеттік қызметтерге электронды түрде қол жеткізудің мақтаншып айтатындай артықшылықтары бар. Ең басты ерекшеліктерінің бірі – уақыттың үнемделуі. Egov.kz порталының мүмкіндіктерін пайдалану үшін үйден және жұмыс орнынан арнайы сұранудың мүлдем қажеті жоқ. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2014 жылы eGov мобильдік қосымшасы пайдалануға берілген болатын. Мобильдік қосымшаның көмегімен азаматтар медициналық ұйымға тіркеуге тұра алады, некеге тұруға электронды түрде өтініш қалдыра алады. Қазіргі кезде eGov мобильдік қосымшасы арқылы төлемдерді қосқанда 83 қызмет түрі мен сервистер қолжетімді.

**А.ОРЫНБАЕВА,
Бескөл ауылдық округі
әкімі аппаратының
ауыл шаруашылығы
жөніндегі бас маманы.**



Бизнесті және кәсіпкерлік қызметті қорғау

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтар мен бизнес проблемаларын тиімді шешуге прокуратураның қадағалауын қайта бағыттауды тапсырды.

Жолдауға сәйкес, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, олардың өтініштерін қарау прокуратура органдарына жүктелген.

Сондай-ақ, «Прокуратура туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, прокуратура жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдары тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласу фактілері бойынша өтініштерді қарайды.

Тексерулерді негізсіз жүргізу және мемлекеттік органдар тарапынан қызметке кедергі келтіру фактілері болған жағдайда, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында тікелей прокуратура органдарына жүгіну қажет.

Аудандық прокуратура мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері

бойынша мобильді топ құрылды.

Мобильді топтың міндеті кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзу және заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау туралы сигналдарына жедел ден қою. Алдын ала ақпарат бойынша кәсіпкерлердің құқықтары бұзылатын оқиға орнына шыға алады.

Заңсыз араласу, мемлекеттік органдар тарапынан негізсіз тексерулер жүргізу және кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіру фактілері бойынша аудан прокуратурасына және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына хабарлауды сұраймыз.

Бұзушылық туралы төмендегі телефондар арқылы хабарлауға болады:

Алакөл ауданы прокуратурасының прокуроры - Р.Тұрғынбек, ж.т. 8 (72833) 2-19-60, ұ.т. 8 701 - 535 - 15 - 16.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалының директоры Қ.Мұхамметқалиев, ж.т. 8 (72833) 7-91-13, ұ.т. 8 -777-177- 41- 47.

Аудандық прокуратура.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру



Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және ветеринария саласындағы уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бөлігі.

Бұл – дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспорт беру, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын есепке алу рәсімі.

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі:

-бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

-құлындар – төрт айлық жасынан бастап, туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

-тақ тұяқты жануарлардың төлі – төрт айлық жасынан бастап, туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

- торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін.

Жеке нөмірді беру ауыл шаруашылығы жануарларының түріне қарай келесі сырғалау, таңба басу, татуировка тәсілдерімен жүргізіледі.

Ветеринариялық ұйым:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу уақыты мен орнын айқындай-

ды;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді;

3) жануарға осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген сәйкестендіру тәсілдерімен жеке нөмір береді;

4) дерекқорды жүргізуді жүзеге асырады;

5) жануар иесіне осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес ветеринариялық паспорт береді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының иесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына жүгінеді. Ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін белгілеу ауыл шаруашылығы жануарларының иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Жеке нөмір беру кезінде дерекқорда және ветеринариялық

паспортта ауыл шаруашылығы жануарын қайта бірдейлендіру себептерін көрсете отырып және осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген шараларды қабылдай отырып, ауыл шаруашылығы жануарының алдыңғы жеке нөміріне байланыстыра отырып, тиісті ақпарат көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға ветеринариялық ұйым арқылы не портал арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

Ветеринариялық ұйымның жұмыскері өтініш түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады және оны жауапты ветеринариялық дәрігерді тағайындайтын ветеринариялық ұйымның басшысына жібереді.

Қағаз жеткізгіштегі өтініштің

қабылданғанын растау оның көшірмесінде күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы белгі қою болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты белгіленген хабарлама көрсетіледі.

Жауапты ветеринариялық дәрігер өтініш тіркелген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ветеринариялық паспорт деректерін кейіннен жаңарту ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, иесін ауыстыру, ауыл шаруашылығы жануарын бір

әкімшілік-аумақтық бірліктен екінші әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына орнын ауыстырған және басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

Ірі ауыл шаруашылығы жануарлар шыққан кезде ветеринариялық паспорт ондағы тиісті белгісімен ауыл шаруашылығы жануарының жаңа иесіне беріледі.

Ұсақ ауыл шаруашылығы жануарлары тобының бір бөлігі қатардан шыққан кезде жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беріледі. Межелі пунктке келгеннен кейін, жеке нөмірді өзгертпей ветеринариялық паспорт ресімделеді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңында және етті қайта өндіру кәсіпорнында сойғаннан кейін етті өңдеу кәсіпорындарының ветеринариялық дәрігерлері, ветеринариялық паспорттар мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық ұйымдарға тізімдеме бойынша береді, ал жеке тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сойған кезде – иелері тапсырады.

Жануар өлген жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде ветеринариялық паспорттарды және ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруге арналған бұйымдарды жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне тиісті ақпаратты жолдай отырып, ветеринариялық ұйымдар жояды.

**Б.БОЛАТБЕКОВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ аудандық
аумақтық инспекциясының
басшысы.**

Руководители районного масштаба



(продолжение)

Сегодня у меня снова ностальгия и я вновь и вновь разглядываю свой партийный билет. Какая изумительная обложка, а каким красивым почерком заполнены все графы. Какое было прекрасное время! И вся заработная плата до копейки помесечно записана парторгом Соломахиной. Поэтому по партийному билету, наши жёны всегда могли узнать, сколько мы зарабатываем в месяц.

Но партийный билет мы носили всегда при себе. Даже в жару летом руководители носили светлые рубашки без рукавов, галстуки и пиджаки, зачастую через плечо или пиджаки имели на вешалке в кабинете или в служебной машине.

Первый секретарь райкома партии или председатель райисполкома могли вызвать нас в любое время дня и ночи и мы всегда должны были быть в форме.

Однажды я был свидетелем, как первый секретарь райкома Машуров не принял в своём кабинете одного руководителя, потому что он был без галстука и пиджака. Всё было очень серьёзно. Зачастую даже по полям мы ездили по форме, и в любой момент мы были готовы доложить обстановку по порученному участку работы.

Конечно, были и расслабления, только тогда когда первый секретарь уезжал на Пленум обкома партии или совещание в областной центр или в столицу. Все руководители сразу об этом узнавали.

Я обязательно должен был ставить в известность курирующего секретаря райкома и заместителя председателя райисполкома, если выезжал за пределы района. Это было обязательное правило...

Держа в руках партийный билет я вспомнил, как однажды меня, молодого руководителя, телефонограммой из райкома партии пригласили первый раз на Пленум. Это было грандиозное событие, я очень волновался и, практически, не спал всю ночь.

Задолго до начала я приехал в райком партии. На крыльце и рядом со входом было много руководителей и других людей. Собрались все коммунисты района. Подходили, здоровались друг с другом, обсуждали различные вопросы.

Вот подошёл Туяков Шылбы Туякович главный врач районной больницы, Зазулин Александр Григорьевич, заместитель председателя райисполкома. Все стояли группами по пять, десять человек, обсуждая текущие дела.

- Привет Виктор, - весело поздоровался Кашен Капарович Капаров, - ну что, поедем ещё на джайляу?

- Обязательно поедем, - весело отозвался я. - И не только на джайляу. Мы ещё не были с вами на отгонных

участках овцеводства, там тоже своя экзотика.

Подошёл Аханов Альмен Аханович - директор коммунального хозяйства и как всегда начал возмущаться по свалкам:

- Виктор, ну прими ты меры, на речку все возят мусор, - обратился он ко мне.

- Нужно милицию подключить, - парировал я, - пару человек посадили бы на 15 суток, об этом сразу все узнают и это безобразие закончится.

Мы стояли, разговаривали. Зазулин спросил про готовность полевых станков, Туяков, про инфекционную заболеваемость. А Капаров рассказал пару новых анекдотов.

Нас пригласили в зал. Человек триста разместились в удобных креслах. Ровно в десять часов утра в зал вошёл первый секретарь райкома партии Машуров Азат Машурович и все члены президиума. Открыл пленум Машуров:

- Товарищи, сегодня наш пленум посвящён повышению роли партии в хозяйственной деятельности района. У нас ещё будет один важный вопрос, и в зале должны остаться только члены партии. Прошу беспартийных покинуть зал, - прервал он свою речь.

Я понял, что это касается и меня. Встали все беспартийные, молодые руководители: начальник УОС (управление оросительных систем), начальник РУС (районный узел связи), начальник РЭС (районные электрические сети) и я, главный врач СЭС. Когда мы направились к выходу, кто-то из зала с юмором громко заметил:

- Ну вот, пошли все беспартийные молодые руководители на три буквы.

Была тишина, а потом все поняли, о чём речь, и зал просто грохнул от смеха. Машуров тоже заулыбался. Смеялся и весь президиум, а мы с красными ушами вышли в фойе. Пленум продолжился без нас. Мы ещё немного постояли и потом разошлись по рабочим местам. Было как-то неуютно и не совсем приятно на душе.

Через несколько дней меня вызвал в райком партии, курирующий секретарь Кожахметов Стахан Кожахметович и с удивлением спросил:

- Виктор Иванович, а почему ты до сих пор беспартийный, почему не вступаешь в партию? Я немного растерялся, но потом уверенно заявил:

- Я в душе уже давно коммунист, - Стахан Кожахметович, - и давно готов вступить в ряды КПСС, просто никто не предлагал.

- Ну, вот и хорошо, готовь необходимые документы, вашему парторгу я уже всё объяснил.

Я очень ответственно готовился к вступлению в ряды КПСС, выучил устав, «Кодекс строителя коммунизма», изучил всех членов политбюро Компартии Казахстана и Советского Союза, прочитал всю рекомендуемую литературу.

Через месяц на парткоме районной больницы, меня приняли кандидатом в члены КПСС. Потом был назначен день, когда члены бюро райкома партии принимали нас, молодых, в партию. Было сильное волнение, внутри всё колотилось, но никто не подавал вида. Обстановка была очень торжественная и необычная.

За большим столом просторного кабинета сидели все члены бюро, которых к тому времени я уже знал и общался по служебным вопросам. Заведующий партийным кабинетом Утепбергенов зачитал мою автобиографию и рекомендации опытных коммунистов, характеристику. Первым задал вопрос Машуров:

- Товарищ Зубенко, расскажите нам права и обязанности члена КПСС.

Я быстро и чётко перечислил всё, что помнил и замолчал.

- Ещё у членов бюро будут вопросы? - спросил Машуров.

- Нет, к Зубенко нет вопросов, - первым заговорил член бюро Капаров, - он хороший и грамотный специалист и все характеристики достойные. Все члены бюро одобрительно закивали.

- Тогда ставлю на голосование, - продолжал Азат Машурович, - кто за то, чтобы товарища Зубенко принять в члены КПСС, прошу голосовать, - все подняли руки, - единогласно. Вы товарищ Зубенко приняты в члены КПСС. Не подведите нас, будьте достойным коммунистом.

Я вышел из кабинета, в душе была огромная радость и чувство большого счастья. Мне было всего лишь тридцать лет - вся жизнь впереди...

Да, руководители тогда были сильными. Например: Зазулин Александр Григорьевич, - заместитель председателя райисполкома, Сумин, директор Учаральского совхоза, а в последствии председатель райисполкома, Садиев, директор совхоза Социалды, Картабеков, начальник районного управления сельского хозяйства, Аханов Альмен Аханович, директор коммунального хозяйства, Тынысбаев Жалдыбай, председатель райплана, Жазыбеков Ташим-управляющий банком, Зубенко Виктор Павлович, директор Казсельхозтехники, Жолжанов Исагул Жолжанович, председатель райПО, Мужиков Токтарбек Матембаевич, директор рыбокомбината, Туяков Шылбы Туякович, главный врач районной больницы, Капаров Кашен Капарович, председатель профсоюзов сельского хозяйства, Зазулина Галина Александровна, директор общепита и многие, многие другие. О каждом из них можно тоже рассказывать долго.

Помню, как получил выговор на бюро райкома партии без занесения в учётную карточку.

Был май месяц, очень тепло. Меня назначили ответственным лицом на день выборов в избирательный участок в поселке Обуховка. Я приехал рано, до открытия участка, проверил готовность, буфет. Всё было нормально, в наличии был штучный не скоропортящийся товар и напитки.

И вдруг к десяти часам в буфет, где не было холодильника, общепит привёз с десятков тортов в открытом виде. Я сразу их снял с реализации, так как знал, что два кондитерских цеха закрыты и не выпускают торты. На летний период мы запрещали выпуск тортов и кремовых изделий из-за отсутствия необходимых условий.

Я начал звонить председателю райПО Щербашину и директору общепита Актымбаеву с одним вопросом, откуда торты? Вдруг

позвонил Туяков и сообщил, что из Обуховки уже более 20-ти детей поступили в больницу с отравлением тортами. Я поднял всех сотрудников, и мы начали расследование.

Оказалось, что по указанию директора общепита, торты были сделаны в столовой сахарного завода, которые всю ночь простояли в обеденном зале на столах, а утром были отправлены на избирательные участки в Обуховку и в посёлок сахарного завода. Всего отравилось более 50-ти детей. Остатки тортов были немедленно изъяты и направлены на лабораторные исследования. Все виновные лица были наказаны, материалы переданы в прокуратуру.

Дети выздоровели, а меня, Щербашина и Актымбаева разбирали на заседании бюро райкома партии.

Машуров открыл заседание бюро, была мёртвая тишина. В кабинете у первого секретаря чувствовалась напряжённая обстановка, и мы были готовы к самому худшему исходу.

Первому дали выступить в свою защиту Щербашину. Машуров его прервал и жёстким голосом громко произнёс:

- Как вы могли допустить выпуск продукции и отравить детей? От неожиданности прошла дрожь по коже. Все молчали, боясь произнести лишнее слово.

- А вы, товарищ главный врач санэпидстанции, что молчите? - вдруг резко обратился он ко мне, - вы должны стоять на страже здоровья детей. Почему не приняли должных мер? Я резко поднялся и невпопад произнёс:

- Я принял меры, Азат Машурович, мы провели расследование и виновные наказаны.

Я подал ему папку с постановлениями о наложении штрафов и предписаниями о запрещении выпуска тортов в районе с подписями в получении председателя райПО и директора общепита.

- Что это? Что ты мне даёшь эту писанину? - продолжал Машуров. Мы стояли, молча опустив головы, а он нас ругал, на чём свет стоит. Потом выступили другие члены бюро с осуждающими речами, а Машуров изучал переданную ему папку с предписаниями. Я стоял и всё думал:

«Если сейчас нас исключат из партии, то это будет крах всей моей жизни».

Потом Машуров предложил всем троим вынести выговор без занесения в личную учётную карточку. Все члены бюро поддержали. Вот так мы получили по выговору по партийной линии...

Однажды, когда уборка сахарной свеклы была организована низкими темпами, все руководители находились в зале заседания штаба на сахарном заводе в 22 часа вечера. Машуров молча, и сосредоточенно ходил вдоль длинного стола, где сидели все члены бюро райкома партии и райисполкома. Потом вдруг он резко приказал раздать всем нам, руководителям, по чистому листу бумаги и начал диктовать, что нам писать:

- Пишите, первому секретарю райкома компартии Казахстана Машурову А. М. от - пишите фамилию и должность. И текст: Заявление. В связи с невозможностью и не желанием дальше

выполнять поручения партии и работать руководителем, прошу уволить меня с работы.

Все дописали до слова «прошу» и замерли как завороненные, а он как закричит:

- Подписывайте и сдайте мне, если не хотите работать. В зале стояла зловещая тишина. Потом он начал вызывать по очереди руководителей хозяйств с отчётом и спрашивал так, что не позавидуешь.

У всех было просто шок и уже на следующий день работа в районе по уборке сахарной свеклы просто кипела. Вот так он воздействовал на руководителей психологически...

Я вспомнил, как начинал строить пристройку к зданию санэпидстанции. А на этой территории стоял бюст Ленина, который нужно было убрать, и только потом на этом месте строить. Тогда я уже был коммунистом и снос памятника Ленину был большой проблемой.

Этот бюст, когда-то вылепил бывший сотрудник и на память поставил на территории СЭС. Каждый субботник сотрудники его мыли и красили золотой краской, убирали клумбу вокруг. А теперь нужно было его сносить. Но как это сделать, никто не знал. Тогда я обратился к курирующему заместителю райисполкома Зазулину Александру Григорьевичу, который был председателем комиссии по охране памятников.

Он то и посоветовал написать письмо и указать причину сноса и что этот памятник поставили сами по своей инициативе. Я так и сделал.

Через 2 недели получил распоряжение о сносе памятника, только с условием, что мы передадим его в школу.

Снос происходил со всеми мерами предосторожности. Всю территорию вокруг обтянули брезентом, чтобы не было видно прохожим. Ребята с ломом и кувалдой стали ломать постамент, стараясь не повредить бюст. Это было не сложно. Бюст замотали в ткань и поставили в бухгалтерию, а потом передали в школу...

В то замечательное время руководители решали многие вопросы. И вообще, тогда руководители такого уровня, были большими психологами и высококлассными специалистами.

Когда я заходил в кабинет к Машурову по каким-либо вопросам, мне всегда казалось, что он знает о чём я буду ему говорить. Он всегда смотрел очень пристально, не мигая, и все чувствовали себя от этого очень не уютно. Уровень руководителей районного ранга был очень высок. Они разбирались во всех сферах народного хозяйства. Могли быстро оценить ту или иную ситуацию и быстро принимать решение. Это были настоящие руководители районного масштаба.

В. ЗУБЕНКО,
ветеран
санитарноэпидемиологической
службы.

Отшашудан опық жеп қалмаңыз

Жақында Жаңа жыл мерекесі. Осы кезеңде отшашулар мен салюттар үлкен сұранысқа ие, бірақ оларды дұрыс пайдаланбау қайғылы салдарға әкеп соқтыруы мүмкін.

Жаңа жыл көптен күткен мереке және оның жағымсыз тосын сыйларсыз өтуі өте маңызды. Сол үшін пиротехниканы қолдануда мұқият және абай болу керек.

Пиротехникалық құралдарды пайдалану кезінде ережелерін қатаң сақтау қажет:

- Өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес пиротехникалық құралдарды мамандандырылған дүкендерде немесе бөлімдерде сатуға рұқсат етіледі, олар ғимараттардың жоғарғы қабаттарында және апаттық шығу жолдарына жақын орналаспауы қажет;

- Пиротехникалық құралдар өртке қарсы қалқалармен бөлінген үй-жайларда орнатылған металл шафтарда сақталуы тиіс. Оларды жертөлелерде

сақтауға жол берілмейді. Үйде көп мөлшерде сақтауға тыйым салынады;

- Тек сертификатталған пиротехниканы ғана пайдалану және оны құрылыстардан алыс ашық кеңістікте іске қосу қажет;

- Отшашуды тегіс жерге, ағаштарсыз және электр желілері жоқ жерге берік бекітіп, бауға от жағып, кем дегенде 20 метр қашықтыққа алыстау қажет.

Рұқсат етілмейтін шаралар:

- Отшашуды тұрғын үйлер мен жанғыш заттарға 30 метр жақын жерде, аласа шатырлармен мен ағаш астында қолдануға;

- Пиротехниканы қалтаға салып жүруге;

- Жағу кезінде отты бетке жақын ұстауға;

- Қатты желде қолдануға;

- Адамдарға қарай бағыттауға;

- Аяққа қарай лақтыруға;

- Жанып тұрған отшашудың үстінде төмен иілуге;

- Жанып тұрған отшашулар мен салюттарға 15 метрге жақындауға;

- Отшашудың бауын қол қашықтығында тұтату қажет. Ол 3-5 секунд арасында тез жанып кетеді. Одан шыққан ұшқынды сөндіру қиын;

- Үй-жайларында және шыршаның жанында бенгал оттарының, шартылдақтардың ашық отты пайдалануға жол бермеңіз.

Бұл өнімдердің қауіптілігінің 5 санаты бар. Біріншісіне – бенгал оттары, екіншісіне және үшіншісіне – күштілері жатады. Оларды пайдалану өртке ғана емес, сонымен қатар құрылымдардың бұзылуына әкелуі мүмкін. Төртінші және бесінші санаттарына жататын отшашулар тек қана арнайы лицензиясы бар мамандарға ғана рұқсат етіледі. Оны үлкен отшашулар үшін қолданады.

Көптеген балалар пиротехниканы дүкендер мен базарлардан сатып алып, оны бақылаусыз пайдалана бастайды. Мұндай өнімдерде өндіруші туралы мәліметтер мен пайдалану туралы міндетті нұсқаулар болуы керек. Бұл заттарды 16 жасқа дейінгі балаларға сатып алуға тыйым салынады.

М.ҚАБЫЛҒАЗИНОВ,
аудандық ТЖБ-ның бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

Құттықтаймыз!

Құрметті Азия Төлепбергенқызы!

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ізіңізге қарап үлгі алып келеміз. Бізді сабырлы мінезіңізбен, салмақты ақылыңызбен тәрбиеледіңіз. Әрбір бүлдіршінді дамыту жолында ерен еңбегіңіз зор. Сізге мықты денсаулық, еңбегіңізге табыс пен береке, шығармашылық шабыт тілейміз. Армандарыңыз орындалып, шаңырағыңыз тек бақыт пен шаттыққа кенелсін.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Дәулет пен мерейіңіз таси берсін,
Арта берсін абырой – беделіңіз.

Ізгі тілекпен: «Бал-Ерке» бөбекжай-балабақшасының ұжымы.

Ардан жаратылған алтын құрсақты анамыз, бар ғұмырын бала-шағасының тәрбиесі мен тәліміне арнаған **ХУСИНОВА Гүлнар Бексұлтанқызы** 60 дейтін ардақты жастың биігіне шығып отыр. Адам баласына алалығы жоқ, әр ісінен үлгі мен өнеге нұры себездеп тұрар жанның өзіне де, өзгелерге де өткен жақсылығы мен мейірбандығы мол. Тағдыр жолында кезіккен қиындықтардан мойымай, сүрінсе де қайта тұрарлықтай қайратқа ие анамызға қуаныштың ең төттісін, бақыттың ең ұзағын тілейміз. Немерелеріңіздің бал күлкісіне мастанып, баянды ғұмыр кеше беріңіз.

Гүлнар анам, алтын сыйы тағдырдың,
Ұрпағыңның бақ-бақытын жандырдың.
Алпыс дейтін асқарды да еңсеріп,
Биігінен көріңіз сан жылдың.

Ізгі тілекпен: жұбайы Меңдібай, ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіні, немерелері.

Үй кезегіне тұру үшін...

Қазіргі таңда, аудан тұрғындары арасында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегіне тіркелу бойынша көптеген сауалдар қойылуда. Осы ретте «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызметін алу тәртібін ұсынамыз.

Бұл қызмет электрондық түрде e-gov.kz электрондық үкімет порталы арқылы көрсетіледі. Порталға ЭЦҚ арқылы тіркеліп, жылжымайтын мүлік, тұрғын үй қатынастары, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы батырмалары арқылы өту қажет.

Тұрғын үй кезегіне Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және соған теңестірілгендер, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері,

мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар, жалғыз тұрғын үйі ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылғандар, 1 және 2 топтағы мүгедектер, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары, ҚР Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар, жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер, кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қандастар, экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар, көпбалалы отбасылар, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау, адам өмірін құтқару, құдық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары, толық емес отбасылар тұра алады.

Е.НҮРПЕИСОВ,
аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің инспекторы.

Тұрғындар назарына!

- Егерде қызмет көрсетушілер сізге сапасыз және уақытылы мемлекеттік қызмет көрсетпесе;

- Егер мемлекеттік қызметші Әдеп нормаларын бұзса немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық жасаса;

- Егер сіз мемлекеттік қызметке орналасу және өткеру мәселелері бойынша консультация алғыңыз келсе, сіз департаментке келесі мекенжай бойынша жүгіне аласыз: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы 75 немесе «Электрондық Үкімет Порталы» арқылы.

Телефон нөмірлері: 8 (7282) 24-01-66, 24-07-10, сондай-ақ www.gov.kz ресми сайтында Департамент жайлы толық мағлұматпен танысқаныздар болады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қапшағай қаласындағы - 26363, Үшарал қаласындағы - 40398, 01852, Талдықорған қаласындағы - 18404, 48386, Алматы қаласындағы - 12881 әсері бөлімдеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау жүргізілуде.

Әскери қызметке шақырылғысы келетін азаматтарды Алақол ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуге немесе төменде көрсетілген нөмірге хабарласуларыңызды сұраймыз.

Тел: 2-13-40, 2-25-41, 8-702-239-71-62.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

Қоғамдық тыңдаулар

05.01.2022 ж. бастап 19.01.2022ж дейін БЭП сайтында <http://ecoportal.kz/> Алматы облысы Алақол ауданында орналасқан «Үшарал №8», «Үшарал №7», «Достық №10», «Үшарал №6», «Үшарал №5», «Достық №4», «Достық №3», «Достық №2», «Достық №1-1», «Достық №9» учаскелерінде шөгінді тау жыныстарын өндіру кезінде бүлінген жерлерді қалпына келтіру» жобасының құрамында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «АБК-Автодор НС» ЖШС, БСН 990140000661, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы «Сығанақ» көшесі, 17М-үй. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекенжай: тел. 87085216419, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru. жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде танысуға болады.

Әзірлеуші «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, тел. 87085216419. Жергілікті атқарушы орган: «Алматы облысы бойынша табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел.8(7282) 32-92-67.

Общественные слушания

С 05.01.2022 г. по 19.01.2022 г. на сайте ЕЭП <http://ecoportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «Раздел «Охрана окружающей среды» в составе проекта рекультивации земель, нарушенных при добыче осадочных пород на участках «Ушарал №8», «Ушарал №7», «Достық №10», «Ушарал №6», «Ушарал №5», «Достық №4», «Достық №3», «Достық №2», «Достық №1-1», «Достық №9», расположенных в Алакольском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АБК - Автодор НС», БИН 990140000661, адрес: г.Нур-Султан, район Есиль, улица «Сыганак», д.17М. Контакты и электронный адрес по которому можно получить дополнительную информацию: тел.: 87085216419, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru. Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat>, в разделе «Общественные слушания».

Разработчик ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», тел.: +77085216419. Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов по Алматинской области», тел.: 8(7282) 32-92-67.

Объявление

ТОО «Кредитное товарищество «Алақол» 25 января 2022 года в 10-00 часов проводит внеочередное общее собрание участников ТОО «КТ «Алақол» по адресу: Алматинская область, Алакольский район, г.Ушарал, ул. Кабанбай батыра, №104

Повестка дня:

1. Выход и вход новых участников ТОО «КТ «Алақол»;

Утеря документов

Утерянный кассовый аппарат марки «Миника» 1102Ф, заводской номер: 0012919, год выпуска 2012, дата постановки на учёт: 20.07.2019 года, адрес ККМ: Алматинская область, Алакольский район, с. Акши, д.з.о «Ұялы» на имя ИП «Сағынбекова Л.С.», считать недействительным.

Құрылтайшылар:
Алақол ауданының өкімдігі мен «Алақол айнасы» ЖШС-і.

Меншік иесі:
«Алақол айнасы» ЖШС-і.

Директор - бас редактор
Азат ЖАҚЫПБЕК.

Телефондар:

Бас редактор: 3-52-63

Бас редактордың орынбасары: 3-51-74

Оператор: 3-52-68, факс:3-52-63

E-mail: alakred@mail.ru

Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні шығады

Газета выходит один раз в неделю, в субботу

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылғы 10 қазанда тіркеліп, №КЗ34VPY00015810 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 4595

Газет «Алақол баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады. Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.